

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы, ЖШС «Самұрық-2019» зияткерлік білім беру мектебі



БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры

 М.Қамбарова

«29» тамыз 2023 ж.

КЕЛІСЕМІН

Директорыдың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

 Г.Ташпулатова

«29» тамыз 2023 ж.

«Жолда жүру ережелері» жоспары

2023-2024 оқу жылы

**Жалпы білім беретін мектептердің
1-4 сыныптарына арналған
Жолда жүру ережелерінің оқу**

БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 348 бұйрығына
2-қосымша

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

1-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

1-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	6

1.Көше күтпеген жағдайларға толы.

Біз тұратын қала, кент. Мектеп орналасқан шағын аудандағы негізгі көшелер. Көшеде неліктен қауіпті. Жол қозғалысы ережелерін неліктен білуге және орындауға тиіспіз.

Көше элементтері: жүргін бөлік, тротуар. Жаяу жүргіншілер қоршаулары.

Көшедегі қауіпсіздік. Тротуарда қалай дұрыс жүру, жүргін бөлікті қалай дұрыс кесіп жүріп өту керек.

Мектепке және үйге неғұрлым қауіпсіз жол. Нақты бағдарды талдау.

Бірі екіншісіне көмектеседі (көшені өзің кесіп жүріп өте алмасаң – ересек адамнан көмек сұра).

Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі. Мұқият және абай бол!

2.Жүргіншілер өтпелері.

Жолды қай жерде кесіп жүріп өтуге болады.

Реттелмейтін жүргінші өтпесі, оның белгілері (жол белгілері, жолға салынған таңбалар).

Екі жақты қозғалыс жолы. Егер жүргін бөлікті кесіп жүріп өтуге үлгермесең не істеу керек. Жүргін бөліктің ортасында тұрған жүргіншінің өзін-өзі ұстауы.

Бір жақты қозғалыс жолы. Қозғалысы бір жақты жолды кесіп жүріп өту ережелері.

3.Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.

Бағдаршам не үшін қажет?

Бағдаршам белгілері: қызыл, сары, жасыл. 3-секциялы бағдаршам қалай жұмыс істейді.

Бағдаршамы бар көше қиылысында жолды қалай кесіп жүріп өту керек.

Жүргінші бағдаршамы және оның белгілері. Дыбыстағыш қондырғысы бар жүргінші бағдаршамы.

4.Автобуста және троллейбуста жүру.

Қандай көлік құралдарын бағдарлық деп атайды?

Қала бағдарлық көлігі: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, бағдарлық таксилер.

Автобустың және троллейбустың аялдамасы, олардың белгіленулері. Аялдамаға қалай дұрыс өтуге болады. Аялдамада өзін-өзі ұстау ережелері.

Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер.

Автобустан немесе троллейбустан түскен кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

5.Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.

Жолдың жүргін бөлігінің жанында, жол жұмыстары жүріп жатқан жерлерде, көлікте ойнаудың қауіптілігі.

Ойнауға және өздігінен жүретін құралдарда жүруге және т.б.арналған жерлер.

Егер доп жолдың жүргін бөлігіне домалап кетсе не істеу керек.

6. Қорытынды сабақ.

ЖҚЕ туралы диафильмдер, бейнефильмдер, слайдтар көру.

Қорытынды шығару (тестілеу)

2-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	1
2.	казан	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
3.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
4.	наурыз	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	6

1.Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Көшеде неліктен қауіпті. Үлкен қала көшелеріндегі қозғалыстың қиындығы.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау – жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі.

Көшелер мен жолдарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін қайталау.

Қалада (кентте, ауданда) балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдары.

2.Реттелмейтін көше қиылыстары.

Көше қиылыстарының түрлері.

Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері.

Реттелмейтін көше қиылысы. Реттелмейтін көше қиылысындағы жүргінші өтпелерінің белгіленуі. Реттелмейтін көше қиылыстарынан жүріп өту ережелері. Егер жүргінші өтпесі белгіленбеген болса, жолдың үстін қай жерде қалай кесіп жүріп өтуге болады.

9.

3.Реттеуші және оның белгілері.

Реттеушіге алатаяқ пен ысқырық неге қажет?

Реттеушінің белгілері. Жүргіншілердің осы белгілер бойынша іс-әрекеттері.

Реттеуші белгілерінің бағдаршам белгілерінен артықшылықтары.

4.Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Трамвай жолаушыларына арналған аялдамаларда тұрған, кіру кезіндегі, вагон ішіндегі және одан түскен кездегі ережелер.

Жүргін бөлікті аялдамаға жақын қозғалыс кезінде және трамвайдан түскен кезде кесіп жүріп өту ережелері.

Бағдарлық таксиді және жеңіл автомобильді пайдалану ережелері.

5. Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағдарың).

Мектеп шағын ауданы. Мектеп шағын ауданындағы көлік.

Мектеп шағын ауданындағы неғұрлым қауіпті жол қиылыстары.

Мектеп оқушысының жол бағдарында 1-ші сыныпқа қарағанда не өзгерді.

Мектеп, үй, кинотеатр, дүкен және т.с.с. жолындағы қауіпсіз жолдарды талдау.

6. Қорытынды сабақ.

Ойындар, викториналар және т.с.с өткізу. Жол қозғалысы ережелері.

Қорытынды шығару (тестілеу).

3-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	1
2.	казан	Қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.	1
3.	желтоқсан	Жол жүру белгілері және жолға салынған таңбалары.	1
4.	наурыз	Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Жолдағы тәртіп. Жүргіншілердің тротуармен жүрген кездегі міндеттері. Жүргіншіге тротуарда тап болуы мүмкін қауіп.

Өзінді көшеде және достарыңмен, ағаңмен, апаңмен, қарт кісілермен жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезінде қалай дұрыс ұстау керек.

Жүргіншілер мен көлік құралдарының оң жақты қозғалысы.

Көше қиылыстары және олардың түрлері.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, тротуар туралы әңгіме; олардың мақсаты.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, жол жиегі, кювет туралы әңгіме.

Жүргіншілер мен велосипедшілердің жолы.

«Үй – мектеп – үй» бағдарын жасап, осы бағдардағы жүргінші үшін барлық қауіпті жерлерді көрсету.

2. Қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.

Көзге шалынатын аймақта жүргінші өтпесі немесе көше қиылысы болмаған кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Мұндай кесіп жүріп өту кезінде туындайтын қауіпті жағдайлар.

Жүргін бөлігін мұндай кесіп жүріп өту кезінде балалармен болған жол-көлік оқиғалары мысалдары (жол полициясы материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

3. Жол жүру белгілері және жолға салынған таңбалар.

Жол белгілерінің жүргіншілер мен жүргізушілер үшін мәні.

Жол белгілері: «Велосипед жолы», «Велосипедпен жүруге тыйым салынған», Табличкалар.

Жолға салынған таңбалар, оның мақсаттары мен түрлері.

4. Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.

Жарақат түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, жаралап алулар, күйіктер және т.с.с. Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

4-сынып

№ p/c	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?	1
2.	қазан	Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.	1
3.	желтоқсан	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талқылау. Арнайы автоалаңдағы практикалық сабақтар.	1
4.	наурыз	Теміржол өтпелері.	1
5.	сәуір	Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағылану.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	6

1. Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?

Балалармен жол-көлік оқиғаларының себептері: жүргіншілердің жол қозғалысы

ережелерін сақтамауы, жолаушылардың көлікте өзін-өздері ұстау ережелерін сақтамауы, көшеде және көлікте және т.б. тәртіпсіздік.

Жол қозғалысы ережелерін бұзған балалардың әрекеттерін талқылау.

2. Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.

Оқушылар топтарының тротуарда, жол жиегінде, жүргінші өтпесінде қозғалысының тәртібі.

Оқушылардың колоннамен қозғалысының тәртібі.

Оқушылар топтарын жалпылама пайдаланылымдағы көлікке отырғызу тәртібі.

3. Жол жағдайларын макетте талқылау.

Арнайы автоалаңдағы практикалық сабақ.

Макетте балалар тап болатын жол жағдайлары қаралады.

Нақтысына ұқсатылған көшелерде әртүрлі жол белгілері, жүргіншілер бейнелері мен ойыншық машиналар қойылады.

Оқушылардың тротуармен және жүргінші өтпелерімен қозғалысы.

Реттеушінің белгілері.

4. Теміржол өтпелері.

Мектеп оқушыларының теміржол маңында өзін-өздері ұстауы.

Олардан жаяу және көлікпен кесіп жүріп өту ережелері.

Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өтпелері.

Поездарды (электропоездарды) пайдалану кезіндегі шарттар.

5. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағылану.

Бас, көкірек қуысы, шынтақ, тізе, аяқ-табан немесе білек-қар буындары жарақаттанғанда орап-тану түрлері және техникасы.

6. Қорытынды сабақ.

Қорытынды шығару (тестілеу)